

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ» РҚБ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

**ВЕСТНИК**

РОО «НАЦИОНАЛЬНОЙ  
АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

**THE BULLETIN**

OF THE ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

**5 (411)**

SEPTEMBER – OCTOBER 2024

---

ALMATY, NAS RK

---

## **БАС РЕДАКТОР:**

**ТҮЙМЕБАЕВ Жансейіт Қансейітұлы**, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры (Алматы, Қазақстан)

## **ҒАЛЫМ ХАТШЫ:**

**ӘБІЛҚАСЫМОВА Алма Есімбекқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ Педагогикалық білімді дамыту орталығының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

## **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**САТЫБАЛДЫ Әзімхан Әбілқайырұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Экономика институтының директоры (Алматы, Қазақстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Әбдіжапар Жұманұлы**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Халықаралық инновациялық технологиялар академиясының президенті (Алматы, Қазақстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, экономика ғылымдарының докторы, профессор, «Киево-Могилян академиясы» ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі (Киев, Украина), **Н=2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, К. Разумовский атындағы Мәскеу мемлекеттік технологиялар және менеджмент университетінің кәсіптік білім берудің педагогикасы және психологиясы кафедрасының меңгерушісі (Мәскеу, Ресей), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Ләззат Мыктыбекқызы**, экономика ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Қуатқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті педагогика кафедрасының меңгерушісі (Қарағанды, Қазақстан), **Н = 3**

**БУЛАТБАЕВА Күлжанат Нурымжанқызы**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), **Н = 2**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей білім академиясының академигі, «Білім берудегі стандарттар және мониторинг» журналының бас редакторы (Мәскеу, Ресей), **Н=2**

**ЕСІМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық бизнес университетінің профессоры, (Алматы, Қазақстан), **Н = 3**

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы РҚБ-нің Хабаршысы».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.). Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген

**№ 16895-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулерге арналған.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 300 дана.

Редакцияның мекен-жайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., тел.: 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ, 2024

## **ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**ТУЙМЕБАЕВ Жансеит Кансеитович**, доктор филологических наук, профессор, почетный член НАН РК, ректор Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан)

## **УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:**

**АБЫЛКАСЫМОВА Алма Есимбековна**, доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК, директор Центра развития педагогического образования КазНПУ им. Абая (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

## **РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**САТЫБАЛДИН Азимхан Абылкаирович**, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК, директор института Экономики (Алматы, Казахстан), **Н = 5**

**САПАРБАЕВ Абдижапар Джуманович**, доктор экономических наук, профессор, почетный член НАН РК, президент Международной академии инновационных технологий (Алматы, Казахстан), **Н = 6**

**ЛУКЪЯНЕНКО Ирина Григорьевна**, доктор экономических наук, профессор, заведующая кафедрой Национального университета «Киево-Могилянская академия» (Киев, Украина), **Н = 2**

**ШИШОВ Сергей Евгеньевич**, доктор педагогических наук, профессор, заведующий кафедрой педагогики и психологии профессионального образования Московского государственного университета технологий и управления имени К. Разумовского (Москва, Россия), **Н = 4**

**СЕМБИЕВА Лязат Мыктыбековна**, доктор экономических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**АБИЛЬДИНА Салтанат Куатовна**, доктор педагогических наук, профессор, заведующая кафедрой педагогики Карагандинского университета имени Е.А.Букетова (Караганда, Казахстан), **Н=3**

**БУЛАТБАЕВА Кулжанат Нурымжановна**, доктор педагогических наук, профессор, главный научный сотрудник Национальной академии образования имени Ы. Алтынсарина (Нур-Султан, Казахстан), **Н = 3**

**РЫЖАКОВ Михаил Викторович**, доктор педагогических наук, профессор, академик Российской академии образования, главный редактор журнала «Стандарты и мониторинг в образовании» (Москва, Россия), **Н=2**

**ЕСИМЖАНОВА Сайра Рафихевна**, доктор экономических наук, профессор Университета международного бизнеса (Алматы, Казахстан), **Н = 3**

**«Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).  
Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *посвящен исследованиям в области социальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 300 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, тел. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан», 2024

## EDITOR IN CHIEF:

**TUIMEBAYEV Zhansait Kanseitovich**, Doctor of Philology, Professor, Honorary Member of NAS RK, Rector of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan).

## SCIENTIFIC SECRETARY:

**ABYLKASSYMOVA Alma Esimbekovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Executive Secretary of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology of Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**

## EDITORIAL BOARD:

**SATYBALDIN Azimkhan Abilkairovich**, Doctor of Economics, Professor, Academician of NAS RK, Director of the Institute of Economics (Almaty, Kazakhstan), **H = 5**

**SAPARBAYEV Abdizhapar Dzhumanovich**, Doctor of Economics, Professor, Honorary Member of NAS RK, President of the International Academy of Innovative Technology (Almaty, Kazakhstan) **H = 4**

**LUKYANENKO Irina Grigor'evna**, Doctor of Economics, Professor, Head of the Department of the National University "Kyiv-Mohyla Academy" (Kiev, Ukraine) **H = 2**

**SHISHOV Sergey Evgen'evich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy and Psychology of Professional Education of the Moscow State University of Technology and Management named after K. Razumovsky (Moscow, Russia), **H = 6**

**SEMBIEVA Lyazzat Maktybekova**, Doctor of Economic Science, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 3**

**ABILDINA Saltanat Kuatovna**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department of Pedagogy of Buketov Karaganda University (Karaganda, Kazakhstan), **H = 3**

**BULATBAYEVA Kulzhanat Nurymzhanova**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Chief Researcher of the National Academy of Education named after Y. Altynsarın (Nur-Sultan, Kazakhstan), **H = 2**

**RYZHAKOV Mikhail Viktorovich**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, academician of the Russian Academy of Education, Editor-in-chief of the journal «Standards and monitoring in education» (Moscow, Russia), **H = 2**

**YESSIMZHANOVA Saira Rafikhevna**, Doctor of Economics, Professor at the University of International Business (Almaty, Kazakhstan), **H = 3**.

## **Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print).**

Owner: RPA «National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan» (Almaty). The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications

of the Republic of Kazakhstan **No. 16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *it is dedicated to research in the field of social sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2024

BULLETIN OF NATIONAL ACADEMY OF  
SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
ISSN 1991-3494  
Volume 5. Number 411 (2024), 227–240  
<https://doi.org/10.32014/2024.2518-1467.837>

**A.K.Urazova, G.A. Tuyakbaev, K.T. Kudaibergenova, A. Zholmakhanova, 2024.**  
Kyzylorda University names Korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan.  
E-mail: erke\_zh@mail.ru

## EFFECTIVE METHODS OF TEACHING THE EPISTOLOGICAL HERITAGE OF ABDILDA TAZHIBAEV

**Urazova Asyl** – master, senior lecturer, Kyzylorda university named after korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan, E-mail: [asyl.7777777@mail.ru](mailto:asyl.7777777@mail.ru) Orcid.org/0000-0002-6155-8978;  
**Tuyakbayev Gabit** – candidate of philological Sciences, Kyzylorda university named after korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan, E-mail: [turmagambet@mail.ru](mailto:turmagambet@mail.ru) Orcid.org/0000-0002-5000-2122;  
**Kudaibergenova Kunimzhan** – PhD, Kyzylorda university named after korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan, E-mail: [kkunimzhan@mail.ru](mailto:kkunimzhan@mail.ru) Orcid.org/0000-0001-6878-652X;  
**Zholmakhanova Akerke** – PhD, Kyzylorda university named after korkyt Ata, Kyzylorda, Kazakhstan, E-mail: [erke\\_zh@mail.ru](mailto:erke_zh@mail.ru) Orcid.org/0000-0001-8273-7046.

**Abstract.** One of the methods of transferring knowledge and experience is epistology – the science of writing, which has been developing since ancient times. Through letters we can learn about people’s life experiences and thoughts, conclusions and ideas. Acquaintance with the epistolary heritage of Abdilda Tazhibayev, one of the prominent epistologists of Kazakhstan –port, writer, publicist, literary critic, author of many letters and articles, shows the importance of the study. In addition, the writer’s literary works, which are the object of the study, for the first time considered as a model of the methodology for teaching Kazakh epistology. The purpose of the study is to study effective methods of teaching the epistological heritage of Abdilda Tazhibayev and prove its importance in practice. As a result of the study, effective methods of teaching the epistological heritage of Abdilda Tazhibayev were considered as a source of information in teaching Kazakh literature, as well as the stages of analysis and interpretation of epistolary texts.

The novelty of the study lies in the fact that the epistological heritage of Abdilda Tazhibayev was considered as a valuable source of information about the culture and history of Kazakhstan for the first time and was presented as a model of high literary style. The practical significance of the study lies in the fact that the results of the study can be used in the methodology of teaching epistological works in Kazakh literature lessons. Besides, the findings of the study can be used to improve and evaluate the main problems and prospectives for the study of the Kazakh epistological heritage.

**Keywords:** epistology, epistological works, Abdilda Tazhibayev, effective methods, Kazakh literature, literary text, text analysis.

**А.К. Уразова, Ғ.Ә. Тұяқбаев, К.Т. Құдайбергенова, А. Жолмаханова, 2024.**

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан.

E-mail: erke\_zh@mail.ru

## **ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВТЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ**

**Уразова Асыл Қожабайқызы** – магистр, аға оқытушы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, E-mail: asyl.777777@mail.ru Orcid.org/0000-0002-6155-8978;

**Тұяқбаев Ғабит Әнешұлы** – филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, E-mail: turmagambet@mail.ru Orcid.org/0000-0002-5000-2122;

**Құдайбергенова Күннұжан Тыныштықбекқызы** – PhD, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, E-mail: kkunimzhan@mail.ru Orcid.org/0000-0001-6878-652X.

**Жолмаханова Ақерке Болатқызы** – PhD, Қорқыт атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан, E-mail: erke\_zh@mail.ru Orcid.org/0000-0001-8273-7046.

**Аннотация.** Білім мен тәжірибені жеткізу тәсілдерінің бірі – эпистолография – ертеден дамып, қалыптасып келе жатқан хат жазу туралы ғылым. Хаттар арқылы біз адамдардың өмірлік тәжірибесі мен ойлары, тұжырымдары мен идеялары туралы біле аламыз. Қазақстанның көрнекті эпистологтарының бірі – жазушы, публицист, әдебиеттанушы, көптеген хаттар мен мақалалардың авторы Әбділда Тәжібаевтың эпистолярлық мұрасымен танысу зерттеудің маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, жазушының еңбектері зерттеу нысаны бола отырып, қазақ эпистолографиясын оқыту әдістемесінің үлгісі ретінде алғаш рет қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – Әбділда Тәжібаевтың эпистолярлық мұрасын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін зерттеп, оны оқытудың маңыздылығын тәжірибеде дәлелдеу. Зерттеу нәтижесінде Әбділда Тәжібаевтың эпистолярлық мұрасын қазақ әдебиетін оқытуда ақпарат көзі ретінде оқытудың тиімді әдістері мен эпистолярлық мәтіндерді талдау және түсіндірудің кезеңдері қарастырылды.

Зерттеудің жаңалығы – Әбділда Тәжібаевтың эпистолярлық мұрасы Қазақстанның мәдениеті мен тарихы туралы құнды ақпарат көзі ретінде қарастырылып, жоғары әдеби стиль үлгісі ретінде ұсынылды. Зерттеудің практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелерін қазақ әдебиеті сабақтарында эпистолярлық шығармаларды оқыту әдістемесінде қолдану мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, зерттеудің тұжырымдарын қазақ эпистолярлық мұрасын зерттеудің негізгі мәселелері мен перспективаларын жетілдіруде және бағалауда қолдануға болады.

**Түйін сөздер:** эпистолография, эпистолярлық еңбектер, Әбділда Тәжібаев, тиімді әдістер, қазақ әдебиеті, көркем мәтін, мәтін талдау.

**А.К. Уразова, Г.А. Туякбаев, К.Т. Кудайбергенова, А. Жолмаханова, 2024.**  
Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан.  
E-mail: erke\_zh@mail.ru

## **ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ЭПИСТОЛОГИЧЕСКОГО НАСЛЕДИЯ АБДИЛЬДЫ ТАЖИБАЕВА**

**Уразова Асыл Кожобаевна** – магистр, старший преподаватель, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан, E-mail: asyl.777777@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-6155-8978>;

**Туякбаев Габит Анешович** – кандидат филологических наук, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан, E-mail: turmagambet@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-5000-2122>;

**Кудайбергенова Кунимжан Тынышбековна** – PhD, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан, E-mail: kkunimzhan@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-6878-652X>;

**Жолмаханова Акерке Болатовна** - PhD, Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан, E-mail: erke\_zh@mail.ru [Orcid.org/0000-0001-8273-7046](https://orcid.org/0000-0001-8273-7046).

**Аннотация.** Одним из методов передачи знаний и опыта является эпистология – наука о письме, развивающаяся с древнейших времен. Через письма мы можем узнать о жизненном опыте и мыслях людей, выводах и идеях. Знакомство с эпистолярным наследием Абдильды Тажибаева, одного из видных эпистологов Казахстана – поэта, писателя, публициста, литературного критика, автора многих писем и статей, показывает важность исследования. Кроме того, произведения писателя, являющиеся объектом исследования, впервые рассматриваются как модель методики преподавания казахской эпистологии. Цель исследования – изучить эффективные методы преподавания эпистологического наследия Абдильды Тажибаева и доказать его значимость в обучении. В результате исследования рассмотрены эффективные методы обучения эпистологического наследия Абдильды Тажибаева как источника информации в преподавании казахской литературы, а также этапы анализа и интерпретации эпистолярных текстов.

Новизна исследования заключается в том, что эпистологическое наследие Абдильды Тажибаева впервые рассматривается как ценный источник информации о культуре и истории Казахстана и было представлено как образец высокого литературного стиля. Практическая значимость исследования заключается в том, что результаты исследования могут быть использованы в методике преподавания эпистологических произведений на уроках казахской литературы. Также выводы исследования могут быть применены при совершенствовании и оценке основных проблем и перспектив исследования казахского эпистологического наследия.

**Ключевые слова:** эпистология, эпистологические произведения, Абдильда Тажибаев, эффективные методы, казахская литература, художественный текст, анализ текста



### **Кіріспе**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізуде, білім берудің жаңа мазмұнын енгізуде эксперименттік білім беретін оқу бағдарламаларын әзірлеуді қолдайды (Қазақстан Республикасы «Білім туралы», 2007). Оқу бағдарламаларын жаңа бағытта құру жаңа технологияларды іріктеумен бірге, пән мазмұнына жаңа ақпарат мазмұнын жетілдіруді міндеттейді. Ақпарат әр адамға кез келген уақытта және кез келген жерде қолжетімді болып жатқан қазіргі заманда білімді алу ғана емес, оны білім алушыларға жеткізе білу де маңызды. Осы бағытта, қазақ әдебиеті мен тілін оқытуда жаңа бағыттағы тәсілдер мен бағыттарды қолдану студенттердің тілдік білімімен қоса, танымдық ойлау мен тілдік дағдыларын дамытады. Қазақ тілі маманы үшін оқыту материалдарын ұтымды пайдалану үшін тілі мен әдебиеттің майталмандары – ақын-жазушылардың әдеби мұраларын пайдалану аса маңызды. Осы бағытта, тіл мен әдебиеттің мұраларының бірі – эпистолография қоры.

Эпистолография немесе жазу өнері – Византия ғасырының интеллектуалды элитасы арасында танымал болған риторикаға ұқсас Византия әдебиетінің жанры ретінде танылды. Біздің дәуіріміздің IV ғасырында эпистолография христиандық және классикалық грек дәстүрлерін біріктіретін танымал әдеби нысанға айналды. Бұл жанрдың дамуына Аристотель, Платонның жазу өнері мен Павелдің Жаңа өсиетіндегі хаттары ықпал еткен болса, император Юлиан, Либаниус және Синезийдің әдеби жинақтарымен бірге Кападокиялық ғұламалардың еңбектері ерекше назар аудартады (Сметанин, 1970). Эпистолография арқылы риторикалық тұжырымдар қамтылып, Рим империясын эпистолографияны ешқандай ақпаратты қамтымайтын немесе қажет етпейтін талғампаз туындылардың әлеуметтік конвенциясы ретінде сипаттады. Ал, қазақ тілі мен әдебиетінде эпистолографиялық қор ежелден қалыптасқанымен, ондай мұралар ауыздан ауызға тарап, осы күнге дейін сақталып келді (Сметанин, 1975: 122).

Білім алушыларға әдебиеттің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын-жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз парыз. «Көркем шығарма – әдебиеттің құндылығы десек, көркем шығарманы оқыту – білім алушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру» (Касавин, 2006).

Эпистолографияны қазақ әдебиетінде оқытудың маңыздылығы туралы ғалымдар өз еңбектерінде назар аударды (Жұмақаева, 2015; Бітібаева, 1997). Қазақ әдебиетінің жырлары мен шығармалары көне жазба ескерткіштерде сақталып, кейінірек көрнекті эпистологтарының шығармаларында жазбаша бағытта серпін алды. Сондай көрнекті эпистологтарының бірі – ақын, драматург, жазушы, әдебиеттанушы Әбділда Тәжібаев қазақ әдебиетінде өзінің ерекше қолтанбасын қалдырды. Ақынның өлеңдері мен шығармалары



нағыз қазақ эпистолографиясының көркем үлгісі ретінде танылды. Осы бағытта, зерттеуіміздің мақсаты – Әбділда Тәжібаевтың эпистолографиялық мұрасын, оның ішінде өлеңдерін оқыта отырып, эпистолографияны оқытудың тиімділігін қарастыру. Зерттеуде Әбділда Тәжібаевтың эпистолярлық мұрасы қазақ әдебиетін оқытудағы негізгі ақпарат көзі ретінде пайдаланылады және өлең мәтіндерін талдау және студенттерге түсіндірудің тиімді әдістері қарастырылуы зерттеудің маңыздылығын айшықтай түседі.

Зерттеудің өзектілігі – қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткері, Әбділда Тәжібаевтың ақындық эпистолярлық мұрасындағы қазақ мәдениеті мен тарихы туралы құнды ақпараттары қарастыруында. Жалпы, эпистолография ғылымы мен оның болашақ маман даярлауда қолдану үлгісі, Әбділда Тәжібаевтың эпистолярлық мұрасы мысалында қарастырылуы қазақ әдебиеті сабақтарының білім беру бағдарламаларын дамытуға үлес қосары сөзсіз. Сондықтан, қазақ әдебиетінің ерекше бағыты ретінде эпистолярлық шығармаларды оқыту әдістемесіне негіз жасалуы зерттеудің ерекшелігін аша түседі. Студенттер сабақта қазақ эпистолярлық мұрасын зерттеу мен оқыту арқылы әр замандағы қазақ қоғамының мұңы мен зарын, ой-тұжырымдарын, қоғамның негізгі мәселелер маңыздылығын терең түсінеді.

#### **Зерттеу әдістері мен материалдары**

Қазақ әдебиеті эпистолографиясын оқытудың негізгі әдістері мен олардың қолданылуын Әбділда Тәжібаев еңбектерін мысалға ала отырып, өлең мәтіндердің суреттеу, стильдік талдау, жіктеу, әдеби талдау әдістері қолданылып, эпистолография бойынша ғылыми еңбектерге талдау жасалды. Зерттеудің материалдары ретінде Әбділда Тәжібаевтың әр кезде туындаған өлеңдері пайдаланылды және оларды эпистолографиялық мұра ретінде университет студенттеріне қазақ әдебиетін оқытудағы тиімді әдістемесі ұсынылды. Бұл ретте, сабақ кезеңдерін үлгілеу, студенттердің білімін бағалауда статистика әдістері қолданылды. Көркем шығармаларды тиімді оқыту арқылы студенттердің тілдік дағдылары мен сыни тұрғыдан ойлауын дамыту әдістемесі 3 кезең бойынша жүзеге асырылды. Практикалық бөлімде студенттердің эпистолографиялық материалды студенттерге тиімді меңгертуде қолдануға болатын қазақ әдебиетін оқытудың жолдары қарастырылды.

#### **Нәтижелер мен талқылау**

Эпистолографиялық теория жазудың негізгі рөлін ашумен қатар, жазу өнерінің безендірілуіне бірқатар нақты талаптар қойды. Антикалық дәуірдің эпистолярлық стилі теориясы бойынша қолжазбаларға мыналар тән болуы керек: адамгершілік қасиеттердің көрінісі мен сипаты, автордың жеке сипаты (этикон, этос) және оның көңіл-күйі (патос). Мәтіннің көлемі – қажеттілікке қарай құрастырылған, көп оқиғаларды айтылмаса, ұзақ жазуға болмайды, керісінше оқиға көп болса, көлемді қысқартуға да болмайды. Осындай талаптар, туындыда әр сөзді өлшеп жазуға, ұтымды қолдану мен оқырманға түсінікті, әрі тиянақты ойды жеткізуге негізделді.

Эпистолография тарихи-теориялық пән ретінде, бір жағынан, жазбаларды

тарихи дереккөз ретінде зерттеу әдістемесін ұсынады және келесі теориялық міндеттерді шешу күтіледі:

1) көне жазба ескерткіштерді тарихи ғылымның барлық басқа түрлерінен ажырату әдістемесін жасау;

2) эпистолографиялық белгілердің жиынтығы негізінде жазбалардың мазмұнын анықтау әдістемесін әзірлеу;

3) көне жазбаларды ғылыми айналымға енгізу әдістемесін жасақтау (Өбдірейімова, 2012).

Екінші жағынан, эпистолография практикалық бағытта дамып келді. Бұнда ол нақты тарихи мәселелерді шешеді: 1) қоғам мен тіл сәйкестігін анықтау; 2) қолжазба өнерін дамыту; 3) эпистолярлық мұраны ғылыми айналымға енгізу (Кушмурзина, Шинбулатова, 2018: 35). Белгіленген міндеттер эпистолографиялық сипатқа ие бола отырып, сатылы даму эпистолографияның міндеті өзінің тарихи міндетімен байланысты. Осыған сүйене отырып, эпистолографиялық зерттеудің үш негізгі кезеңі туралы жалпы айтуға болады. Олардың әрқайсысында алға қойылған мақсат теориялық тұрғыдан да, нақты тарихи тұрғыдан да шешіледі. Эпистолярлық мұраны өңдеудегі аталған кезеңдері ретінде: апохориз (гр. бөлу), проелеузия (гр. пайда болу) және эфармоз (гр. - қолдану) деп белгілеуге болады (Лекторский, 2018).

Хат автордың мінез-құлқына сәйкес келетін көркемдеуіш құралдарды пайдалана және риторикалық жаңғыртуға ұмтыла отырып, жазушының моральдық мінез-құлқының толық көрінісі болуы керек; 2) шумақтың, стильдің қысқалығы, ықшамдығы; 3) қолжетімділікте, түсініктілікте және нанымдылықта көрінетіні айқындалды (Пиаже, 1970, Боден, 2001).

Осы бағытта, біз өз кезегімізде, Әбділда Тәжібаевтың «Хат» өлеңінің шумақтарын талдап көрелік. Мысалы:

*«Хат жазамын қалам тербеп,*

*Құлағың сал, жан аға.*

*Мен бауырыңның сізден сұрар,*

*Бір тілегі бар, аға.*

*Тілегімді хатқа сызып,*

*Білдіруім қиын-ақ,*

*Екі бетім отыр қызып,*

*Істегендей бір ұят.*

*Ұят дерлік ұят та емес,*

*Жазбақшымын сырымды.*

*Қиналамын айтуға тек,*

*Жеткізе алмай тілімді.*

*«Жас күнімде» жандай көріп*

*Еркелеттің, жан аға».*

Эпистолография талаптарына сай, хат түрінде жазылған өлеңде қысқалық пен нұсқалық арқылы оқырманның түсініктілігіне бағыттталып, прозадан гөрі шешендікке көбірек бет бұрғаны көрініп тұр. Эпистолографиядағы келесі талап

– жазу стилі ауызекі сөйлеуге жақын болуы және дәрежі болмау керектігі толық сақталған. Жазылымның үні эмоционалды және оқырманға жақын болуы үшін тапқыр сөз (lalein) қолданылған. Сондай-ақ, мәтін неғұрлым мұқият өңдеуді қажет етеді, бұл оның стилін ауызша сөйлеуден ажыратады.

Эпистолиграфиядағы тағы бір принцип – талғампаздық, әсемдік, стильдегі жаңашылдық, мәтінді жандандыратын көркем мәнерлі тілдік құралдарды қолданудағы тапқырлық, бұл мәтінді безендіре түседі. Хатта өзіндік сөйлеу тақырыбы мен мәселесі де болады. Хатта қолайлы нәрселер туралы ғана жазу керек. Ә.Тәжібаевтың «Майданнан хат» деп аталатын өлеңінің келесі шумағында:

*«Келді хатың қысқа жазған  
Сағындырған жыл құсындай;  
Көп махаббат алдым аздан,  
Болсын хаттың бәрі осындай.  
Әрбір сөзің сезсең, сәулем,  
Жүрегіме құйды қуат,  
Әр жігіттің сүйген жары  
Жаза білсін осындай хат...  
Жолдастарым аман тегіс,  
Зор майданда жүрміз бірге.  
Оқтан ұшқан үш жүз неміс,  
Жазулы тұр есебімде.  
Күн ұзарды, жер көгерді,  
Даласында Украинаның.  
Жас гүлдері қуат берді,  
Ортасында өскен қанның».*

Бұл хаттағы негізгі оқиға Ұлы Отан соғысын меңзеп тұр және негізгі оқиға желісіне арқау қылып алып, махаббат тақырыбын сөз қылады. Қиын кезеңдегі оқиғаны айта келе, нәзік тақырыпты қозғап, оқырманға жағымды әсер береді. Сонымен бірге, көптеген эпистолярлық нұсқаулықтарда жазудың пропорционалдылық критерийіне ерекше мән беріледі. Хаттың мазмұны оның көлемін анықтайды. Мәтіннің кімге жазылғанын да ескеру керек. Осы бағытта, өлең шумақтары:

*«Көп жазуға уақытым тар,  
Шабуылға кеттім, жарым.  
Достардың да сәлемін ал,  
Көріскенше қош бол, жаным!»*,- деген шумақтармен аяқтала отырып, хаттың кімге жазылғанын меңзейді.

Адресаттың жазылғанды қалай қабылдайтынын ескеруде, мәтінді дайындауда қосымша күш-жігерді қажет етеді және мәтінді жариялау алдында, әдет-ғұрып бойынша дауыстап оқылатын сәтінде жазушының алдын ала эмпатияға ие болуы қажет. Буынның қысқалығы және сөздегі айқындық жазудың стильдік тартымдылығы шумақтың қысқалығы мен мағынаның

анықтығына нұқсан келтірмей, музыкадағыдай, екеуінің біртұтас үндестігі басым болғанда тиімді болады. Фрэдериктің айтуынша, мәтінде тек бір оқиғаны айтуға ұмтылу, күрделі, салмақты стильде хат жазудың дамуы осы факторлардың әсерінен болған (Фрэдрик, 2004). Мысалы, апофегмаларды, мақал-мәтелдерді, кез келген ертегілерді, поэтикалық өлеңдерді артық буындарды шектеп қолданған дұрыс. Келесі «Алыстан хат» деп аталатын ақын өлеңінің жолдарында метафоралар көркемдеуіш құралдар ретінде өлеңге ерекше бояу береді:

*«Сезсең кейде соққан жылы,  
Жаздың жанға жайлы лебін.  
Жат көрме, ол аңсап сені,  
Ақырын менің алған демім.  
Сыбырласса көк жапырақтар –  
Тілдескендей қоңыр желмен.  
Тыңда да сен, сыр алып қал,  
Сыбырлаушы онда да мен.  
Терезеңнің әйнегінен,  
Ай қараса айдын көктен.  
Мен де қарап тұрмын бірге,  
Ойлан, гүлім, ұйықтап кетпе».*

Өлең формасында интеграция тәсілі қолданылған. Бұл ретте интеграцияға байланысты хатты сұрау формасының үш түрін анықтау керек. 1. Адресаттың әл-ауқаты туралы есеп беру сұрауының белгісі. 2. Оқиғалар мен фактілер туралы ақпаратты сұрау формасы. 3. Адресат туралы қосымша мәліметтерді беру үшін сұрау формуласы (Голдмэн, 1986: 5). Хатқа сұраныс белгісінің вариацияларының тағы бір тобы хатта көрсетілген тілектерді ынталандыруға арналған формалардан (немесе хатқа сұранысты ынталандырудан) тұрады. 1. Жазушы алған хатының арқасында құтыламын деп үміттенген мұңды, камқорлықты, қорқынышты көрсетеді. 2. Хат қуаныш пен рахатқа себеп ретінде көрінеді. Қуану себебі кейде егжей-тегжейлі түсіндіріледі. 3. Мотивациясы терең хат – арманның тез орындалатынына сенуге себеп, хат жіберушінің адресат үшін жасай алатын барлық пайдасынан құндырақ (Niiniluoto, Sintonen and Wolenski, 2004).

Осы ретте, келесі «Қарағанды шахтерлеріне» деп аталатын өлең шумақтарында шахтерлердің ауыр да, төзуге қиын жұмысына теңеу тауып, оларға мақтаныш тудыра отырып, оқырманды ынталандырады:

*«Деген сөз Қазақстан әр қазақты  
Мақтантар елдігімен туды уақыты.  
Бұл сөзді ар, намыстай ардақтайды  
Бар жайлау, бар завод пен барлық шахты.  
Неміс те менсінбеген күні кеше,  
Селк етіп осы күні «қазақ» десе.  
Қалтырап қысық көздер ұшқынынан,*

*Қарайды айналаға дірілдесе,  
Оларға мақтанбадық, лепірмедік,  
Я бізді тани қой деп өтінбедік.  
Беттестік жаяуымен, танкісімен,  
Келдің деп қапыда сен өкінбедік.  
Мәліктер қиын жолды сұрап алып,  
Сескенбей сыбап білек тұра қалып.  
Танытты қайратын да, айбатын да –  
Алысқан неміс мойнын бұрап алып.  
Қиынды ермін деме жеңе алмасаң,  
Шахтермін деме, көмір бере алмасаң!».*

Жоғарыда сипат алған хат формасындағы Әбділда Тәжібаевтың эпистолографиялық мұрасына талдау білім алушыны әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдауда студенттің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асыруда өте пайдалы. Біз хаттар автордың жан күйзелісін, шалқар шабытын, көркем суретті көз алдына елестете отырып, шеберлікпен жеткізу стилін көрсетуіміз керек. Ол үшін білім алушыдағы сезімді ояту арқылы оған әдеби білім беруде әдеби стиль арқылы жалпы рухани, эстетикалық және адамгершілік қасиеттерді дамыту оқытушы алдындағы әдебиетті оқытудың тәрбиелік мақсатына жетуге бағытталады. Ол үшін мәтінді қолдануда тиімді әдіс-тәсілдер ретінде тақырып бойынша эпистолографиялық еңбектерді орнымен қолдану қажет. Осы бағытта, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының жоғару курс студенттеріне күрделі де, мазмұны терең Ә.Тәжібаевтың эпистолографиялық мұрасын қолдануды жоспарладық.

